

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 199 қаулысы . Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде № 9-14-126 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығына және " Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында шақыруды кейінге қалдыру немесе босатылу құқықтарынан айырылған, жасы он сегізден жиырма жетіге дейінгі еркек жынысы азаматтарды, сондай-ақ жиырма жетіге толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің бекітілген мерзімін өтемеген, оқу орындарынан шығарылған азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қоса берілген азаматтарды әскери қызметке шақыру өткізудің кестесі бекітілсін.

3. Селолық округтар, селолар, Затобол кенті әкімдері шақыруды өткізу кезеңінде хабарландыру ұйымдастырсын және шақырылушыларды "Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне дер кезінде келуді қамтамасыз етілсін.

4. Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің "Қостанай ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) шақыруды өткізу кезінде медициналық және шақыру комиссияларды өту кезеңінде шақырушылардың арасында қоғамдық тәртіпті сақтау

үшін Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне полицияның екі қызметкерін бөлу ұсынылсын.

5. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі 2010 жылға қарастырылған қаржы бөлу шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралардың қаржыландыруын аудандық бюджет қаражатынан қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А. Казинге жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың сәуірінен бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Қостанай ауданының әкімі

Г. Тюркин

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы  
----- Д. Айсин

2010.04.20

Қазақстан Республикасы ішкі істер  
Министрлігінің Қостанай облысы  
ішкі істер Департаментінің  
"Қостанай ауданының ішкі істер бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
----- М. Сейткулов  
2010.04.20

Әкімдіктің

2010 жылғы 19 сәуірдегі № 199

қаулысымен бекітілді

**Әскери қызметке азаматтардың шақыруын өткізу кестесі**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2010.08.19 № 495 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.*

№ р/с	Село-лық округтардың	Барлығы	Негізгі күндер																	
			қазан																	
			4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	18	19	20	21	22	25	26	28



